



БҰЙРЫҚ

06 қаңтар 2023ж
Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 2
город Балхаш

«Сыбайлас жемқорлықтың» алдын – алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім беру ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау және Қарағанды облысы білім басқармасының 2023 жылғы 04 қаңтардағы №6, Балқаш қаласы білім бөлімінің 2023 жылғы 06 қаңтардағы №3 бұйрықтарын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директор орынбасарлары, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері:
 - 1) Жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал – жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс – шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді – кесілді тыйым салынсын;
 - 2) мектепте:
 - кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
 - концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуіне ақша жинауға;
 - мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата – аналар мен оқушылардан қаржат жинауға;
 - мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;
 - тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдарымен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
 - жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;

- мектеп қызметкерлеріне бюджеттен қаржыландырмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата – аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын;


3) тәрбиелеу жұмысын орындау аясында оқушылар мен тәрбиеленушілердің мәдени – көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және мектеп қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілсін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу);

4) оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата – аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

5) ата – аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге, тәрбиешілерге тиісті шаралар қабылдансын.

2. Осы бұйрық мектептің барлық қызметкерлерінің назарына жеткізілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



К.Т.Рахимберлина